



## БҰЙРЫҚ

13.09.2022 ж.

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 304

город Караганда

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ жанында мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы бастамашылық жасалған талап арыздар бойынша материалдарды алдын ала қарастыру жөнінде жұмыс комиссиясын құру, жұмыс комиссиясының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы бастамашылық жасалған талап арыздар бойынша материалдарды алдын ала қарастыруы тәртібін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-дағы (бұдан әрі – Департамент) ұйымдастыру-шаттық өзгерістерге байланысты «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа берілген 1 және 2-қосымшаларға сәйкес мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы бастамашылық жасалған талап арыздар бойынша материалдарды алдын ала қарастыру жөнінде бизнес-қауымдастықтар өкілдерінің қатысумен Департаментте жұмыс комиссиясының құрамы бекітілсін.

2. Жұмыс комиссиясының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы бастамашылық жасалған талап арыздар бойынша материалдарды алдын ала қарастыру тәртібі бекітілсін.

3. «Мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы бастамашылық жасалған талап арыздар бойынша материалдарды алдын ала қарастыру жөнінде жұмыс комиссиясын құру туралы» 2022 жылғы 27 қаңтардағы №7 және № 28 бірлескен бұйрық, «Мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы бастамашылық жасалған талап

арыздар бойынша материалдарды алдын ала қарастыру жөнінде жұмыс комиссиясын құру туралы Бірлескен бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы №19 және 173 бұйрығы күшін жоғалтқан деп саналсын.

4. Жұмыс комиссиясының хатшысы осы бұйрықты Департаменттің және Департаменттің аумақтық органдарының жұмыс комиссиясының мүшелеріне жеткізсін.

**Қарағанды облысы бойынша  
Мемлекеттік кірістер  
департаментінің басшысы**

 **А.Мадиев**